

**ТАНЫМ САЛАСЫ  
БОЙЫНША МАД ТОБЫНА  
АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР  
КАРТОТЕКАСЫ**





## Картотека №1

### «Не қайда өседі»

**Мақсаты:** Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дагдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру.  
**Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.**

**Көрнекіліктер:** бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

**Ойын шарты:** бақ пен бақша салынған



## *Картотека №2*

### *«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»*

*Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту*

*Барысы: Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары түсті*

*ыдыстарды полотнога орналастырып байлай деп  
әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді.*

*Дүкенишілер оларды сөрөтерге орналастыруды.*

*Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл  
түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді  
орналастыруды. Балаларга сұрақ қойып қайталатады.*

*Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар  
дүкенишілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай  
орналастыруға көмектесейікші-деп балаларды ойнуга  
шақырады.*

*Көрнекілігі: Картоннан қырқылып полотнога  
орналастырылған дәр түсті кеселер мен тәрелкелер*



## *Картотека №3*

### *«Жыл мезгілдері»*

*Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.*

*Көрнекілікттер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.*

*Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.*

*Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шыгады.(мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққалат. б.)*





## *Картотека № 4* *«Заттық фриздер»*

*Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлар танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.*

*Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер(көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.*

*Ойын шарты: Эр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан - жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр - түсін ажыратады.*

*Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлан қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.*





## Картотека № 5

### «Жануарларды өз мекенине орналастыр»

**Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейнің тәрбиелуеу, белсенділігін артыру.

**Көрнекіліктер:** орманның және қора суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.

**Ойынның барысы:** ойыншилар екі топқа бөлініп, бір - бір үлкен картадан алады. Жүргізушиңің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадагы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады.





## *Картотека №6*

### *«Табиғат құбылыстарын ажырат»*

**Мақсаты:** Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажыратта білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буга айналады.

**Көрнекіліктер:** қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айтуду тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айттып берулері керек.



## *Картотека №7*

### *«Нан дастарханга қалай келеді?»*

**Мақсаты:** Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқанышлардың еңбекін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Сөздік қорын толықтыру:** майдалау, себу, диқаныш, комбайн, элеватор, диірмен.

**Көрнекіліктер:** егін даласына қажетті суреттер

**Ойын шарты:** Жүргізушиңің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.



## *Картотека № 8* *«Бұл қандай құс?»*

*Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажыратада білу.*

*Көрнекіліктер: құстардың суреттері.*

*Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, дәр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады.  
Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды.*

*Бұл құстарды тағы қалай атауга болады?*

*Олардың қандай пайдасы бар?(тоқылдақ орман дәрігері, қарлығаш адамның досы)*





## *Картотека №9 «Үй жануарлары»*

*Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қымылын, қалай дыбыстытайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қоргауга қамқориши болуга тәрбиелу.*

*Көрнекіліктер: үй жануарларының, төлдердің суреті.*

*Ойын барысы: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі, олардың қалай аталаудынын, қалай дыбыстытайтынын, қалай күтүге болатынын айтқызады.*

*Сонымен бірге дене мүшелерін де атап, үй жануарлары туралы білемтін жұмбақтарын шешкізеді.*



## *Картотека №10*

*Жер,су,ауа*

*Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынны дұрыс айтуға төсөлдіру, қоршаган ортага қамқорлық сезімен тәрбиелу.*

*Көрнекілікттер: асық*

*Ойын шарты: балалар өңгелеіп отырады.  
Бір бала ортага шығып балалардың кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.*

*Егер бала жер десе асықты қагып алған жер десе, асықты қагып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балық балардың аты аталауды. Ауа дегенде құстарды айтуды тиіс.*





## *Картотека №11* *«Бізге күз не әкелді?»*

*Мақсаты: Күз бізге не әкелгені туралы  
білімдерін бекіту. Қөкөністер мен жемістердің  
адам ағасына пайдасы туралы ұғымдарын  
бекіту.*

*Ойын арқылы түстерді, жемістер мен  
қөкөністерді ажыратма және атай білуге  
үйрету.*

*Көрнекіліктер: Күздің суреттері, жемістер  
мен қөкөністердің суреттері.*

*Ойын шарты: суреттерін көрсетіп, олардың  
бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады.  
Білімдерін анықтау барысында олар туралы  
балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға  
болады.*





## *Картотека №12* *«Гүлдерді күтеміз»*

*Мақсаты: балалардың табигатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді ұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қосыту дағдыларын қалыптастыру.*

*Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдастар, шөптекті, тұқымдастар гүлдерді) ажыратма білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.*

*Ойын шарты: гүлдерді екіге болудала гүлдерін газонның қасына іліп, ал болме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету.*



## *Картотека № 13 «Жол әліппесі»*

*Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушилерге арналған жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дагдысын қалыптастыру.*

*Іс жүзінде жол ережесін сақтауга үйрету.  
Багдаршамныңатқаратын қызметімен таныстыру.*

*Ойын шарты: Көлік жүргізушилер мен жүргіншілер жолда қалай жүру керек екенін суреттер бойынша көрсетіп, әнгімелейді.*





## *Картотека № 14 «Қайда не өседі?»*

**Мақсаты:** Заттардың арасында кеңістік байланыстарын қоя білу дагдыларын дамыту; өсімдіктерді өсетін жерлеріне байланысты топтастыру, белсенділіктерін және өздігінен ойлау қабілеттерін дамыту.

**Ойын ережелері:** *Орман, егістік, бау-бақша бейнеленген үлкен карточкалардагы бос тор көздерді кім өсімдіктердің суреттерімен жылдам толықтыратынын анықтау.*

**Ойын барысы:** *Ойынға қатысуышылардың әрқайсысына түрлі пейзаждар салынған үлкен карточканы таратып беру; кішкене карточкалар қорапта жатады.*

**Жүргізуі** белгі бергенде балалар үлкен карточкалардагы суреттерге сәйкес келетін кішкентай карточкаларды табады.



## *Карточка №15*

### *«Аңдарды қоректендір»*

*Мақсаты: 1саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаган орта туралы білімдерін кеңейту.*

*Мазмұны. Тақтада аңдардың суреті ілінген, ал тамақтың суреті үстелге қойылған. Бананды қай аңға береміз? Апарып бер. Сен пілдің баласына неше банан бердің? Осы цифрды ата және көрсет.*

*Басқа аңдармен де осындай жұмыс жүргізіледі.*

- Ал аю нені жақсы көреді? Эрине, балды.*
- Жолақтары бар карточканы алыңдар.*

*Солдан онға қарай жоғарғы жолақты, содан кейін төменгі жолақты саусақтарыңмен жүргізу.*



## *Картотека №16*

### *«Нениң баласы?»*

*Мақсаты: Балалардың «улкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.*

*Мазмұны: Улкен және кіші ойыншықтар болек тұрады. Бала улкен ойыншықты таңдап алады және оған кішкене ойыншықтарды іріктеп алады (немесе керісінше).*

*Өзінің таңдап алған жұбын атайды.*

*Мысалы: ит үлкен, ал күшік кішкентай.*



## *Картотека №17*

### *«Жыл атасы»*

*Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі?*

*Тәрбиеші қазір қай ай екенін сұрайды, балалар қайталайды. Әрбір жыл мезгілінде 3 айдан бар екенін айттып, күз айларын атайды.*

*Улестірмелі материалдармен жұмыс. Сары карточка. Әрбір карточкада керекті санды қоюға арналған күз айларына сәйкес келетін тор көз бар. Тәрбиеші айды атайды, балалар керекті цифрды бос орынга қояды. Одан кейін тәрбиеші цифрды атайды, ал балалар айды атайды.*





## *Картотека № 18*

### *«Жануарларды орналастыр»*

*Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындаиды.*

*- Оң жақтағы жоғарғы үйшікке ақтaiнді орналастыр. - Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр. - Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр. - Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр. - Барлық аңдарга үйшіктер жетті ме? - Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифмен көрсетіңдер.*

- Неше аң? Цифмен көрсетіңдер.*
  - Қай сан артық? 4 не, алде 5 не?*
  - Аңдардың қайсысы артық? Неге? Балалардың нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін. Балалардың өз ойларын айтудына мүмкіндік беру.*
- 



## *Картотека №-19*

*«Суретші қай жерде қателесті?»*

*Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.*

*Ойынның мазмұны. Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады.*

*Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды.*

*Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.*



## *Картотека № 20*

### *«Көп және біреу»*

*Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.*

*Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.*

*Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, еki жаққа қояды.*

